

 ВИКТОРИЯ сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 1-бет
--	---	--	--------------------

«БЕКІТІЛДІ»
«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі
2025 жылғы «13» наурыз № 07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ **КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ** **ЕРЕЖЕСІ**

Алматы қ., 2025 жыл

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА	5
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ	7
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.....	8
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	11
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	11
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	12
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	15
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	15
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	16
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	19
14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	20
15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	20
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	21
17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	21

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 3-бет
--	---	--	--------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, нақты өндірістік-шаруашылық қызмет атқарып жатқан заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Егер Сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалған болса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушы мен оның жұмыскерлеріне қолданылады. Бұл ретте, Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылушылар реестрін, олардың орындап жатқан міндеттері мен солардың әрбірі бойынша Сақтандырушының жауапкершілік лимитін көрсете отырып ұсынуға міндетті.

1.4. Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалса, онда Сақтанушының өзінің ғана кәсіби жауапкершілігі сақтандырылған болып саналады.

1.5. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Сақтандыру шартында осы Ережеге сәйкес келмейтін шарттар белгіленуі мүмкін. Сақтандыру шарттары мен Ереженің шарттарының арасында сәйкессіздіктер болған кезде Сақтандыру шартының ережелері қолданылады.

1.6. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;

2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

3) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;

4) Сақтанушы – сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

5) Сақтандырылушы – өзіне қатысты сақтандыру шарасы жасалып жатқан тұлға;

6) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

7) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

8) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

9) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

10) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;

11) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 4-бет
--	---	--	--------------------

12) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының жазбаша рәсімделген, сақтандыру объекті мен сақтандыру тәуекелінің сипаттамасы сипатталған құжаты;

13) кәсіби жауапкершілік – арнайы рұқсатнамалардың (лицензиялардың, хабарламалардың) негізінде жүзеге асырылып жатқан және (немесе) арнайы білімді және (немесе) біліктілікті талап ететін кәсіби қызмет барысында немесе нәтижесінде жасалған жаңылыс іс-әрекеттердің (әрекетсіздіктің) және (немесе) олқылықтардың салдарынан үшінші тұлғаларға зиян келтіруге байланысты туындаған жауапкершілік;

14) сақтандыру қорғанысы – сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде өзінің кәсіби міндеттерін Сақтанушының орындамауының немесе лайықты орындамауының салдарынан үшінші тұлғалардың мүлктік мүддесіне келтірген залалды Сақтандырушының өтеу міндеттемесі;

15) сақтандырылған тәуекелдер – Сақтандыру шартында көрсетілген, ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар, олардың кенеттен басталуы үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруі мүмкін ықтимал оқиғалар;

16) кәсіби қызметтегі қателер немесе олқылықтар (кәсіби қателіктер) – жоспарлардағы, зерттеулердегі, өлшеу нәтижелеріндегі, есептемелердегі, сызбалардағы, айрықшамалардағы және сипаттамалардағы, кеңестердегі (ұсыныстардағы) және нұсқаулардағы қателер, дәлсіздіктер және олқылықтар. Сонымен қатар, Сақтандырушы келісілген сақтандыру сомасының көлемінде істі қарауға және/немесе реттеуге байланысты шығыстар мен шығындарды, сондай-ақ сотта қорғауға кеткен шығындарды өтейді;

17) үшінші тұлға (жәбірленуші) – Сақтанушының өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруы нәтижесінде соның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келген тұлға, ол зияндарды өтеу міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген. Үшінші тұлғаларға Сақтанушының өзі, сондай-ақ Сақтанушының атынан әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғаларға жатпайды;

18) аса қажеттілік жағдайында келген зиян – зиян келтірушінің немесе басқа тұлғалардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына және заңды мүдделеріне қатысты қауіпті жою үшін жүзеге асырылған әрекеттер, егер мұндай жағдайда ол қауіпті басқалай жоюға мүмкін болмаған болса. Аса қажеттілік жағдайында келген зиян аса қажеттілік шегінен асқан жағдайда өтеледі. Безенген қауіп пен қауіп жойылған, құқықпен қорғалатын мүддеге зиян келген, алдын алуға тең немесе одан орасан зор жағдайдың сипаты мен дәрежесіне мүлдем сәйкес емес зиян – аса қажеттілік шегінен асу деп түсініледі;

19) Пайда алушының қасақана зиян келтіруі – Пайда алушы жасаған әрекеттер (әрекетсіздік), залалдың ықтимал басталуы едәуір үлкен ықтималдықпен күтілетін және сол әрекеттер үшін жауапты тұлғаның тарапынан әдейі жасалған жағдай;

20) жұмыскер – Еңбек келісімшартының, сондай-ақ сақтанушымен жасалған Азаматты-құқықтық келісімшарттың негізінде жұмыс жасайтын тұлға, бұл ретте ол тұлға жұмыс берушінің тапсырмасымен және соның бақылауында әрекет етпеген немесе әрекет етпеуі тиіс болған жағдай;

21) тәуелсіз сарапшы - мүлікті (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау бойынша бағалау қызметін атқаруға лицензиясы бар, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте сол орган аккредитация жасаған жеке және заңды тұлға;

22) екі (көп) жақты сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Келісімшарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

1.7. Сақтанушының кез келген заңға қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

1.8. Сақтандыру шарты бойынша әрі Сақтанушының өзінің, әрі сондай жауапкершілік жүктелуі мүмкін өзге тұлғаның (Сақтандырылушының) кәсіби жауапкершілік тәуекелі сақтандырылуы мүмкін. Егер Сақтандыру шартында және заңда басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандырылушының мүлік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылған жағдайда, Ереженің Сақтанушының құқықтары мен міндеттеріне тікелей немесе жанама түрде қатысы бар барлық шарттары Сақтандырылушыға да теңдей дәрежеде қолданылады.

1.9. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолтаңбасы, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақысын төлеу – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

1.10. Осы Ереженің шарттарына сәйкес, Сақтанушының өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруы нәтижесінде зиян келген тұлға (жәбірленуші) – Пайда алушы деп танылады.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 5-бет
--	---	--	--------------------

1.11. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері теңдей дәрежеде Сақтандырылушыға да жүктеледі. Сақтандырылушының аталаған міндеттерді орындамауы – оларды Сақтанушы орындамаған жағдайдағы салдарға әкеледі.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

2.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен Сақтанушының (Сақтандырылушының) жүзеге асырып жатқан кәсіби қызметінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүлдіктік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Сақтандырушы келесідей жағдайларда жауапты болады:

1) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келген зиян – Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартында көрсетілген кәсіби қызметін жүзеге асыруға тікелей байланысты болатын болса;

2) жәбірленушіге зиян келуге себеп болған сақтандыру жағдайы сақтандыру аумағында және Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде орын алған болса.

2.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) арнайы рұқсатнаманың (лицензияның, патенттің және т.с.с.) негізінде жүзеге асырып жатқан және/немесе арнайы білімді, тәжірибені және/немесе біліктілікті талап ететін кәсіби қызметінің барысында немесе нәтижесінде жаңылыс әрекеттердің (әрекетсіздіктің) және/немесе олқылықтардың салдарынан үшінші тұлғаларға зиян келтіруге байланысты залалды ішінара немесе толығымен өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемдерін төлеуді қарастыратын кәсіби жауапкершілікті сақтандыру – Сақтандыру шартының мәні болып табылады.

2.4. кәсіби қызмет көрсету (жұмыс) үшін кәсіби жауапкершілікті сақтандыру белгілі бір кәсіп иелеріне қатысты қамтамасыз етіледі: сәулетші, медицина жұмыскерлері, адвокаттар, заңгерлер, жеке сот орындаушылары, күзетшілер, сақтандыру және биржа брокерлері, кеден өкілдері және т.б.

2.5. Кәсіби жауапкершіліктің жекелеген түрлері бойынша Сақтандыру шарты жасалатын тәртіп пен шарттар жекелеген сақтандыру бағдарламаларымен реттеледі.

2.6. Осы Ережеге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Сақтандыру шартына сәйкес белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған жағдайда Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

2.7. Сақтанушының (Сақтандырылушының) жұмыс жүргізу, қызмет көрсету нәтижесінде, егер ол қызмет Сақтанушының негізгі қызметі болып табылмаса және сол қызметке байланысты болмаса, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіргені үшін жауапкершілігіне байланысты мүлдіктік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылмайды.

2.8. Егер басқа мемлекеттердің аумағында орын алған сақтандыру жағдайлары сақтандырумен өтелсе және Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, келесідей шарттар қолданылады:

1) сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының валютасы – теңгемен төленеді;

2) сақтандыру төлемінің сомасы Сақтандырушының отынан шығынға жазылған сәттен бастап Сақтандырушының міндеттемелері орындалған болып саналады;

3) ақша қаражаттарын айырбастауға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге аударуға байланысты шығындарды Сақтандырушы өтемейді.

2.9. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде әскери іс-қимылдар (соғыс жарияланған ба, жарияланбаған ба, оған қарамастан) жүргізіліп жатқан мемлекеттердің, жекелеген әкімшілік-территориялық құрылымдардың немесе аудандардың аумағында сақтандыру қорғанысы ешқандай жағдайда да қолданылмайды.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында Тараптардың келісімімен белгіленеді.

3.2. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді. Бұл ретте, Сақтандыру шартында келесілер қарастырылуы мүмкін:

- 1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі (жалпы сақтандыру сомасы) – мұндай жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл кезеңі үшін барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы (жәбірленушілердің санына қарамастан) сол көлемнен аспауы тиіс;
 - 2) жәбірленушілердің санына қарамастан, бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі (сублимит);
 - 3) жәбірленушілердің санына қарамастан өтелетін бір немесе бірнеше тәуекелдер бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі (сублимит);
 - 4) Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін лимиттерінің (сублимиттерінің) өзге түрлері қолданылуы мүмкін.
- 3.3. Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы жауапкершілігінің көлемі әрқандай жағдайда да Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды. Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын сақтандыру төлемін Сақтанушы өз есебінен төлейді.
- 3.4. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде, Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен сақтандыру сомасын немесе сақтандыру сомасының көлемінде жауапкершілік сублимиттерін Сақтандыру шартына қосымша келісім жасау және қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы арттыруға құқылы.
- 3.5. Сақтандыру шартын жасау кезінде франшиза белгіленеді. Оның мөлшері мен түрі Сақтандыру шартында көрсетіледі. Франшиза (шартсыз немесе шартты) Тараптардың келісімімен, не сақтандыру сомасына шаққандағы пайыздармен, не болмаса абсолютті мөлшерде белгіленеді.
- 3.6. Франшиза Сақтандыру шартында қарастырылған өтелетін залалдардың барлық немесе жекелеген түрлері үшін белгіленуі мүмкін.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын есепке ала отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.
- 4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен Сақтандыру шартының Тараптары арасында шетел валютасымен есептесуге рұқсат берілген жағдайларда сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы төлем жасаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бағамы бойынша шетел валютасымен жүзеге асырады.
- 4.3. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы белгіленеді. Сақтандыру шартында (полисте) әр сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
- 4.4. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде тәуекел: қызмет түрі, өндірістік жабдық, маманның біліктілігі және т.с.с. әсер ететін факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттер пайдаланылады.
- 4.5. Сақтанушы сақтандыру төлемін біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз түрде төлеуі тиіс.
- 4.6. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0

8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.7. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасын кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын сақтандыру төлемінен шегеруге құқылы.

4.8. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзу мерзімін сақтамай-ақ, оны бұзуға құқылы.

4.9. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы – Сақтанушыны сақтандыру қорғанысы қолданыста болған және сақтандырушы сақтанушының алдындағы өз міндеттемелері бойынша жауапты болу тиіс кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндетінен азат етпейді.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

5.1. Заңды күшіне енген сот шешімінің немесе Сақтандырушының жазбаша келісімімен Сақтанушының өз кінәсін ерікті мойындауының негізінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметін жүзеге асыру нәтижесінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келген зиянды өтеу бойынша және жәбірленушілердің мүліктік мүдделеріне келген зиянды Сақтанушының (Сақтандырылушының) өтеу міндеті бойынша кәсіби жауапкершілігін анықтау факті – сақтандыру жағдайы болып табылады.

5.2. Осы Ережеге сәйкес Сақтанушы өзінің Сақтандыру шарты бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келген зиянды өтеу міндетіне байланысты кәсіби жауапкершілігін сақтандырады.

5.3. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзін қызметтік міндеттерін орындауы барысында жол берілген, қасақана емес және әдейі жасалмаған әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген материалдық залалды клиенттерге (пациенттерге және т.с.с.) өтеу қарастырылады.

5.4. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы) шарттардан (келісімшарттардан) туындайтын міндеттемелері бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық Шарт бойынша кәсіби міндеттемелерін орындамауынан (лайықты орындамауынан) келген зиян үшін залалды өтеу қарастырылған.

5.5. Мемлекеттік (кеден, салық және т.б.) органдардың алдындағы жауапкершілікті сақтандыру шарты бойынша, Сақтанушының (Сақтандырылушының) міндеттемелерін орындамауына (лайықты орындамауына) себеп болған оқиғалар және соған байланысты орындалмаған міндеттемелер көлемінде өтелуі тиіс төлемдерді (алымдарды, баждарды) төлеу міндеті – сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.6. Жәбірленушіге зиян келтірудің салдарынан кәсіби міндеттемелері бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби жауапкершілігінің басталу факті келесідей жағдайларда сақтандыру жағдайы деп танылады:

1) жәбірленушілерге келтірілген зиян алғаш рет Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде анықталған және сондай наразылық білдіру туралы Сақтанушыға сондай зиян келтіру факті белгілі болған сәттен бастап 10 (Он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға хабарлаған жағдайда, бірақ әрқандай жағдайда да Сақтандыру шарты бойынша талап қою мерзімі шегінде;

2) кәсіби қателікке байланысы бар тікелей себеп-салдар байланыстың және зиян келтіру фактінің болуы;

3) аталған оқиғамен келтірілген залал туралы талаптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес және сол нормалардың негізінде қойылған;

4) зиян Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби қызметін жүзеге асыруға тікелей байланысты келтірілген;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 8-бет
--	---	--	--------------------

5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби қызметі қажет лицензиялар, рұқсатнамалар, рұқсат қағаздары болған кезде, сондай-ақ біліктілік талаптарды сақтаған кезде жүзеге асырылған;

6) зиян Сақтанушы кәсіби қызмет көрсету кезінде жол берген қателіктерге және/немесе олқылықтарға байланысты келтірілген.

5.7. Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар бойынша Сақтандырушының жауапкершілігі кезеңі – Сақтандыру шарты аяқталғаннан кейінгі 3 (Үш) жылдан аспайды.

5.8. Бір себептен жүйелі (немесе бір мезгілде) туындаған бірнеше оқиғалардың нәтижесінде бірнеше тұлғаға зиян келтіру – бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады. Сондай оқиғалардың салдарынан қойылған зиянды өтеу туралы барлық талаптар жәбірленуші Сақтанушыға қатысты сондай талаптардың ең алғашқысын қойған сәтте берілген болып саналады.

5.9. Сақтанушының зиян келуге әкелген әрекетінде (әрекетсіздікте) әдейі жасалған әрекеттің сипаты болмауы тиіс.

5.10. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да оқиғалар қарастырылуы мүмкін.

5.11. Сақтандыру өтемақылары тек қана мүліктік зиян үшін кәсіби жауапкершілікке қолданылады және моральдық зиян үшін жауапкершілікті өтемейді.

5.12. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ келген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Егер оқиғалар төмендегі жағдайлардың нәтижесінде орын алған болса, ол оқиғалар сақтандыру жағдайы деп танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемдері төленбейді:

- 1) бір тұлғаның немесе қандай да бір ұйымның атынан немесе мүддесі үшін әрекет еткен тұлға немесе адамдар тобы жасаған террорлық актілер;
- 2) саяси тәуекелдер;
- 3) адамның имундефициті вирусынан туындаған инфекциялар (ВИЧ-инфекциялар);
- 4) адам қанының негізінде әзірленген фармацевтикалық дәрі-дәрмектерді шығару немесе пайдалану;
- 5) өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану немесе солардың әсері;
- 6) гендік-инженерлік немесе гендік инженерияның көмегімен ағзаларды (өнімді) босатып алуға (шығаруға) байланысты жұмыстар жүргізілетін жабдықтар мен ғимараттарды жасау;
- 7) генетикалық өзгерістер;
- 8) электр магнит өрісінің әсері;
- 9) есірткі немесе есенгірететін дәрілерді шығару, қайта өңдеу (өңдеу), сондай-ақ сату;
- 10) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен талаптары Сақтанушының бұзуы;
- 11) Сақтанушының немесе оның өкілдерінің қылмыстық істің белгілері бар, құзырлы органдар қылмыстық іс деп таныған әрекеттері немесе әрекетсіздіктер және интоксикация, алкогольден немесе есірткіден мастану халінде жасаған әрекеттері;

6.2. Осы Ереже бойынша төменде көрсетілгендерге байланысты талаптар сақтандырумен өтелмейді:

- 1) Сақтанушының сақтандырылмаған қызмет түрлерін жүзеге асыруына, сондай-ақ қызметті заңсыз жүзеге асыруына байланысты (мысалы, қажет лицензиялары, рұқсат қағаздары немесе рұқсатнамалары болмаған кезде);
- 2) қажет лицензиялары, рұқсат қағаздары немесе рұқсатнамалары кері қайтарып алынған, уақытша тоқтатылған немесе кез келген себеппен әрекет еткен кезеңде кәсіби қызметін жүзеге асыруына байланысты;
- 3) Сақтанушы сатқан, жеткізген немесе таратқан немесе кез келген қызмет атқару нәтижесінде алған кез келген тауарларды немесе өнімдерді шығаруға, құруға, қайта құруға, жөндеуге, қызмет көрсетуге және өңдеуге байланысты, егер ондай қызмет түрлерін Сақтанушы өзінің кәсіби қызметіне байланысты жүзеге асырған болса да;
- 4) қызмет көрсету (жұмыстарды орындау) туралы шарттарды орындамағаны (лайықты орындамағаны) үшін салынған келісімшарттық айыппұлдарға пайыздарға немесе басқа санкцияларға, қолданыстағы

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 9-бет
--	---	--	--------------------

заңнамада қарастырылған көлемдер мен сомалардан асатын залалдарды өтеу туралы талаптарға байланысты;

5) кез келген тұлғаның Сақтанушыда жұмыс істеуіне байланысты немесе еңбек немесе азаматтық келісімшарт бойынша Сақтанушыда жұмыс істеген кезеңде немесе Сақтанушыда тәлім алған уақытта туындаған дене зақымдарына, ауруларға немесе оның өліміне байланысты;

6) Сақтанушының немесе Пайда алушының, Сақтанушы берген сенімхаттың немесе азаматтық-құқықтық шарттың негізінде оның атынан әрекет еткен солардың басшыларының, жұмыскерлерінің немесе өкілдерінің қасақана әрекеттерімен сақтандыру жағдайын туғызуға байланысты (олардың қаскөйлік пиғылы соттың немесе тиісті құзырлы органдарының шешімінің негізінде белгіленеді). Залалдың басталу ықтималдығы үлкен ықтималдықпен күтілген немесе сондай әрекеттер үшін жауапты тұлғаның тарапынан әдейі істелген кезде жасалған әрекеттер немесе әрекетсіздік – қасақана әрекеттерге теңеледі. Тұлға зиян келтіру ықтималдығы туралы білмеген немесе білмеуі тиіс болған себептер бойынша әрекеттер/әрекетсіздік – жоғарыда аталған оқиғаларға жатпайды;

7) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру аумағынан тыс жерде зиян келтіру және/немесе кәсіби қызметін жүзеге асыру. Егер сақтандыру аумағы Сақтандыру шартында көрсетілмеген болса, онда Қазақстан Республикасының аумағы – сақтандыру аумағы болып табылады;

8) төменде көрсетілгендермен тікелей немесе жанама түрде байланысы бар кез келген оқиғалар:

а) иондалған сәулелендіруге немесе кез келген түрдегі радиоактивті ластауға/ жұқтыруға;

б) радиоактивті заттарға, радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе ядролық қондырғылардың немесе сол қондырғылардың ядролық құрамдастарының басқа қауіпті қасиеттеріне байланысты;

9) соғыстың, әскердің басып кіруінің, әскери сипаттағы іс-қимылдардың (соғыс жарияланған ба, жоқ па, оған қарамастан), маневрлердің салдары немесе өзге әскери іс-шаралардың және солардың салдары, террористік актілердің, азаматтық соғыстардың, халық тоқуының немесе ереуілдердің, әскери немесе азаматтық биліктің талабы бойынша жұмыс күшіне, тәркілеуге, реквизицияға, тыйым салуға немесе мүлікті жоюға байланысты өзге кешіктірулер;

10) Сақтанушы (Сақтандырылушы) мен оның клиенті арасында жасалған келісімшартты бұзу;

11) клиенттердің деректеріне, компьютерлік файлдарына және бағдарламалық жасақтамаларына Сақтанушының зиян келтіруі;

12) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, қолданыстағы немесе ықтимал әділетсіз бәсеке фактілері негізделген немесе солардан туындайтын, патенттік, авторлық, кедендік құқықтарға тауарлық белгілерге, фирмалық атауларға немесе жарнамалық формулаларға негізделген немесе солардан туындайтын құқықтарға, интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне және дараландыру құралдарына құқықтарына, нақты немесе ықтимал өсектеуге немесе басқа да беделін түсіретін, бұзатын материалдарға, жеке өмірге қол сұқпаушылықты бұзуға негізделген немесе солардан туындайтын құқықтарға;

13) қандай да бір тұлғаға немесе ұйымға қарсы қандай да бір тұлға немесе ұйым қойған талаптар бойынша:

а) егер олар тікелей немесе жанама түрде Сақтанушының иелігінде болса, Сақтанушы тарапынан бақыланса немесе басқарылса;

б) егер олар Сақтанушыға иелік етсе, оны бақыласса немесе басқарса;

в) егер соларға қатысты Сақтанушы компаньон, кеңесші немесе қызметкер болып табылса, егер ондай талап-арыз Сақтанушыға байланыссыз, біреудің көмегінің, қатысуынсыз немесе делдалдық жасауынсыз арандатылған және қойылған болса;

14) Сақтанушының өз отбасы мүшелеріне немесе басқа туысына кәсіби қызмет көрсетуінен туындайтын залалдар;

15) Сақтанушыға, Пайда алушыға немесе бір сақтандыру шартымен жауапкершілігі сақтандырылған тұлғаларға қойылған кез келген талаптар, егер ол тараптарды олар бір-біріне қойған болса;

16) Сақтанушының төлемге қабілетсіздігінен немесе банкроттығынан туындайтын кез келген талаптар бойынша;

17) Сақтандыру шартын күшіне енетін сәтте Сақтандырушы олар туралы білген немесе білуі тиіс болған кәсіби қателіктерге және олқылықтарға, зиян келтіру фактілеріне байланысты туындаған кез келген талаптар бойынша;

18) талап-арыз беру мерзімі аяқталғаннан кейін Сақтанушыға қойылған талаптар;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 10-бет
--	---	--	---------------------

19) құрылысты қадағалау, жер қазу жұмыстарын жүргізуді қадағалау, ғимараттың инженерлік жүйелерінің күй-жайын бақылау бойынша қызметті орындау кезінде Сақтанушы келтірген зиян.

Алайда, мақсаты құрылыс жұмыстарының барысын жобаға сәйкестігін тексеру болып табылатын авторлық қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызмет – сақтандыру полисімен өтеледі;

20) эксперименталдық және сыналмаған әдістер мен материалдарды пайдалануға байланысты келтірілген зиян;

21) сынамалық жер қазу немесе жарылыс жасау жұмыстарымен келтірілген зиян;

22) асбесттің немесе асбест қамтылған материалдардың әсері;

23) егер Сақтандыру шартында ерекше қарастырылмаған болса, темекінің, темекі өнімдерінің немесе темекі түтінінің әсері;

24) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, жіберіп алған олжа туралы талаптар;

25) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, немесе сол органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде, оның ішінде аталған органдардың және лауазымды тұлғалардың заңға немесе басқа құқықтық актілерге сәйкес келмейтін актілерді шығаруының нәтижесінде келген залалдар;

26) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушыға немесе оның жұмыскерлеріне сақтандырылған қызметті жүзеге асыру барысында белгілі болған коммерциялық, банктік және басқа құпия ақпараттарды Сақтанушының немесе оның жұмыскерлерінің дербес мақсатта пайдалануы;

27) Сақтанушының осы Ережемен немесе Сақтандыру шартымен белгіленген қауіпсіздік талаптарын орындамауына және кәсіби қызметті жүргізудің ерекше шарттарын сақтамауына байланысты залалдар;

28) салмағын және/немесе санын көрсету кезінде шоттарда және жүкқұжаттарда, табыстар мен шығыстарды талдауда, жобаның іске асырылуын талдауда жіберілген қателіктерге және олқылықтарға байланысты залалдар;

29) конструкциялау (әзірлеу) объектісі формасы, материалдары және басқа да сыртқы көрінісінің аспектілері тұрғысынан сәтсіз болуына, сондай-ақ сапасы жағынан тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты залалдар.

Тұрғызылған ғимараттың құрылыс немесе басқа ресми нормаларға сәйкес келмеуінен туындауынан келген залалдарды өтеу тиіс.

6.3. Сақтандыру төменде көрсетілгендерді өтеу бойынша талаптарға қолданылмайды:

1) моральдық зиян;

2) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, айыппұлдар, мәртебелік залалдар, қоса есептелген салықтар және солар бойынша өсімақылар, басқа да санкциялар;

3) міндетті сақтандыру бойынша өтелуі тиіс зиян. Бұл ескертпе Сақтанушы тиісті міндетті сақтандыру шартын жасау бойынша өзінің міндетін орындамаған жағдайда да қолданылады;

4) Сақтанушының мәртебесінен немесе Сақтанушының лауазымды тұлға, директор, акционер ретіндегі қызметінің сипатынан туындайтын кез келген әкімшілік, азаматтық немесе басқа да жауапкершілікті жүктеуге немесе сондай жауапкершіліктің туындауына байланысты залалдар;

5) кепілгерлікті, кепілдікті, кепілдік міндеттемені орындаудан, сапасыз көрсетілген қызметтерді (орындалған жұмыстарды) әрі тапсырыс берушінің талабы бойынша, әрі Сақтанушының өзінің бастамасы бойынша түзетуден, жобаны кез келген жетілдіруден туындаған шығындар;

6) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушының келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаумен, мысалы, сызбаларды немесе басқа құжаттамаларды беруді кешіктіруге байланысты залалдар;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардағы басқа да залалдар.

6.4. Ешқандай жағдайда да сақтандыру қорғанысы келесідей талаптарға қолданылмайды:

1) Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасынан, Сақтандырушының белгіленген жауапкершілік лимитінен асатын залалды өтеу туралы кез келген талаптар;

2) сақтандыру аумағынан тыс жерде келген зиянды өтеу туралы талап;

3) егер Сақтандыру шартында басқалай арнайы келісілмеген болса, спорт жарыстарына қатысу кезінде немесе сондай жарысқа дайындық кезінде келген зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;

4) тұрақты түрде нормадан тыс шығарындылар және ластайтын заттарды тастау;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 11-бет
--	---	--	---------------------

5) газдардың, булардың, сәуленің, сұйықтықтардың, ылғалдың, жауынның, оның ішінде күйіктің, түтіннің, шаңның және басқа да атмосфералық емес жауын-шашындар мен шөгінділердің тұрақты және ұзақ уақыт ықпал етуінің салдары болып табылатын зиянды өтеу туралы (егер залал кенеттен келген болса, онда ол ұзақ уақыт ықпал ету болып саналмайды);

6) сілкінудің (дірілдің), тіреу жұмыстары жүргізудің, жердің шөгуінің, сондай-ақ бұзудың немесе жарылыстың нәтижесінде жерге, ғимаратқа немесе басқа құрылыс жайларына келген залалды өтеу туралы;

7) ары мен абыройын қорғау туралы, сондай-ақ шындыққа жанаспайтын және заңды немесе жеке тұлғалардың беделіне залал келтіретін мәліметтерді, оның ішінде тауарлардың немесе қызметтердің сапасы туралы жалған ақпаратты таратумен келтірген зиянды өтеу туралы өзге де ұқсас талаптар;

8) өндіру немесе жеткізу барысына байланысты туындаған себептер бойынша тікелей мүліктің өзіне (өнімге) немесе Сақтанушы (немесе соның тапсырмасы бойынша немесе соның есебінен үшінші тараптар жүзеге асырып жатқан) атқарып жатқан немесе жеткізіп жатқан жұмыстарға келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар; кепілдік және ұқсас міндеттемелерге немесе Келісімшарттың кепілдіктерге байланысты талаптар;

9) жәбірленген үшінші тұлғалардың жіберіп алған пайдасы.

6.5. Сақтандырушыны осы Ережеде қарастырылған себептер бойынша жәбірленушіге сақтандыру төлемін төлеуден азат ету бір мезгілде Пайда алушыға да сақтандыру төлемін төлеуден босатады.

6.6. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Пайда алушы) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге де жасалуы мүмкін.

7.2. Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) Сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннен кейінгі сағат 00:00-ден бастап қолданысқа енеді, алайда Сақтандыру шарты жасалған күннен бұрын емес.

7.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі төленген кезде Сақтандыру шарты франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемі мөлшерінің арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өзінің қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы оның қолданыс мерзімінің соңына дейін күшін сақтап қалады.

7.4. Тараптардың келісімі бойынша, Тараптардың бірі Сақтандыру шарты тоқтатылатын күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Сақтандыру шартының мерзімін ұзарту туралы хабарлаған және сақтандыру сыйлықақысы төленген жағдайда Шарттың мерзімі келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

7.5. Сақтандыру өтемінің аумағы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартының географиялық қолданыс шегі әрі кеңейтілуі, әрі шектелуі мүмкін. Әрқандай жағдайда да сақтандыру өтемі аумағы Сақтандыру шартында және/немесе Сақтанушыға берілген сақтандыру полисінде көрсетіледі.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарттары Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы өзінің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты құжаттарды Сақтандырушыға беруге, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін Сақтанушының қызметіне қатысты өзіне белгілі барлық едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтандыру шарты жазбаша немесе электрондық түрде жасалады.

8.2. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мәліметтердің толықтығы және шынайылығы үшін жауапкершілік Сақтанушыға жүктеледі. Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін,

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 12-бет
--	---	--	---------------------

Сақтанушы хабарламаған мән-жайлар жойылған жағдайды қоспағанда, Сақтанушының Сақтандырушыға әдейі жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Сақтандырушы сақтандыру туралы өтініште хабарланған мәліметтердің шынайылығын тексеруге міндетті.

8.3. Сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушы өндірісті тексеруге және Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметімен танысуға құқылы.

8.4. Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасаудан бас тартқан жағдайда, ондай шешімнің себептерін түсіндірмей-ақ, Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.5. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін әрекеттер жасауға құқылы емес.

8.6. Егер Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) осы Ережені қолдану туралы тікелей көрсетіліп жатса, осы Ережеде қамтылған және Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) мәтініне енгізілмеген шарттар Тараптар үшін міндетті болып табылады.

8.7. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау кезінде хабарлаған мән-жайларда едәуір өзгерістер болғаны өзіне белгілі болса және ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушы (Пайда алушы) ол жөнінде туралы сақтандырушыға шұғыл хабарлауға міндетті.

8.8. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын сол артқан мөлшерге тең көлемде төлеуді талап етуге құқылы.

Егер сақтандыру сыйлықақысының сомасы Сақтанушы ұсынған ақпараттардың негізінде және белгілі бір көрсеткіштерді (қызметкерлер саны, жалақы қоры, тауар айналымы, өндіріс технологиясы, қызмет аумағы және т.с.с.) есепке ала отырып белгіленген болса, Сақтанушы сол көрсеткіштер едәуір өзгерген кезде 1 (бір) ай ішінде ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша түрде ақпарат беруге міндетті.

Сақтандырушының талабы бойынша ұсынылып жатқан деректер бухгалтерлік немесе басқа құжаттармен расталады. Егер Сақтанушы жоғарыда аталған мәліметтерді көрсетілген мерзімде ұсынбаса немесе жалған ақпарат хабарлаған болса, Сақтанушы бұрыс мәліметтердің ұсынылуы оның кінәсінен емес екенін дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушы Сақтанушының кінәсінен сыйлықақы дұрыс есептелмеуіне байланысты жинақталған сыйлықақының айырмашылық сомасының 3 есе мөлшерінде Сақтанушыдан айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.9. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сыйлықақы төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте, Сақтандырушы өзіне келген шығындар мен сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушыға қайтарады.

8.10. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

8.11. Сақтанушы қарастырылған міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты келген шығындарды өтеуді талап етуге, ал егер де сақтандыру жағдайы басталып қойған болса – сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы.

8.12. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.13. Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің шынайылығын, сондай-ақ сақтандыру тәуекелінің күй-жайын тексеруге құқылы.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Сақтандыру төлемі зиянды өтеу туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген мөлшерде есептеледі.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 13-бет
--	---	--	---------------------

9.2. Дау болмаған және Сақтанушы үшінші тұлғалардың зиянды өтеу және оның мөлшерлері туралы талаптарын, жәбірленушінің сақтандыру төлемін алуға құқығының және Сақтанушының оның өтеу міндетінің болуын, сақтандыру жағдайының, туындаған зиянның және оның мөлшерінің арасында себептік байланыстың болуын мойындаған жағдайда, Сақтандырушы қойылған талаптарды қанағаттандырады және сақтандыру төлемін соттан тыс тәртіпте жүзеге асырады.

9.3. Сақтандырушы зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемінің сомасын құзырлы органдардың (жалпы еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесін белгілейтін медициналық мекемелердің, мемлекеттік органдардың, әлеуметтік қамсыздандыру органдарының және т.б.) зиян келтіру фактілері мен салдары туралы құжаттарының негізінде, сондай-ақ жұмсалған шығындарды растайтын анықтамаларды, шоттарды және басқа құжаттарды есепке ала отырып айқындайды. Қажет жағдайларда сақтандыру төлемінің сомасын айқындауға қатысу үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) шақырылуы мүмкін.

9.4. Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары туралы дау болған кезде сақтандыру төлемі заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.5. Сақтандыру төлемінің сомасына келесілер кіреді:

1) жеке тұлғаның денсаулығына зиян келген немесе қаза тапқан жағдайда:

а) жәбірленуші келген жарақаттың немесе басқалай денсаулығы зақымданудың нәтижесінде тиісті еңбекке жарамдылық дәрежесін жоғалтудың салдарынан айырылып қалған жалақысы, сақтандыру жағдайы сәтінен бастап ауруынан айығып кеткенге немесе мүгедектік белгіленгенге дейін, бірақ 4 айдан аспайтын уақытқа.

б) денсаулығын қалпына келтіру үшін қажет қосымша шығындар (күшейтілген тағам, шипажай-курорттық ем-шаралар, бөтен адамның қарауы, протез жасау, көлікпен жүру шығындары, ақылы медициналық қызмет көрсеттерді қабылдауға кеткен шығындар және т.б.);

в) жерлеуге тікелей байланысты қажет шығындар, бірақ жерлеу күніне 70 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

г) Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінің мән-жайлары мен дәрежесін алдын ала анықтау бойынша тиімді шығындар;

д) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зиян келген тұлғалардың өмірін немесе мүлкін құтқару бойынша немесе сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту бойынша қажет және тиімді шығындар.

2) Жеке немесе заңды тұлғаға мүліктік зиян келген жағдайда:

Мүлікті жоюдан немесе зақымдаудан келген тікелей шынайы залал, ол мүлік толығымен опат болған кезде – тозуын шегере отырып, шынайы құнының мөлшерінде анықталады; ішінара зақымданған кезде – оны сақтандыру жағдайы басталғанға дейіні күй-жайға келтіруге кеткен қажет шығындар мөлшерінде.

Мүлік зақымданған кезде келген зиянның мөлшерін Сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы бағалайды. Бағалау нәтижелері Сақтанушы немесе жәбірленуші үшін міндетті болып табылмайды, олар басқа жағдайды дәлелдеуге құқылы. Мүлікке келген зиянның мөлшерін Сақтандырушы жасаған немесе соның өтінішімен тәуелсіз сарапшы жасаған бағалаудың нәтижесімен келіспеген жағдайда Сақтанушы немесе жәбірленуші зиянның мөлшерін анықтау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға жүгінуге құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы немесе жәбірленуші жұмсаған шығындарды Сақтандырушы өтемейді.

а) егер осы оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған болса, Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінің мән-жайлары мен дәрежесін алдын ала анықтау бойынша тиімді шығындар;

б) егер осы оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған болса, ықтимал сақтандыру жағдайы бойынша соттарды істі жүргізуге қатысты шығындар;

в) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зиян келген тұлғалардың өмірі мен мүлкін құтқару бойынша немесе сақтандыру жағдайымен келген залалды азайту бойынша қажет және тиімді шығындар.

9.6. Жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қараудың және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шекті мерзімі Компанияға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

9.7. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат не ұсынылған құжаттарға мәліметтер талап етіледі, ұйым сақтанушыны (сақтандырылушыны, пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 14-бет
--	---	--	---------------------

9.8. Бұл ретте Компания жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

9.9. негіздемелерін көрсетіп және Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының сақтандыру омбудсманна жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

9.10. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нормаларының негізінде сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

9.11. Ақшаларды Сақтандырушының банктік шотынан шығынға жазған немесе жәбірленуші Сақтандырушының кассасынан қолма-қол ақша алған күн – төлем жасалған күн болып саналады.

9.12. Егер залалдың келуіне кінәлі тұлға залалды толығымен өтеген болса, Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу құқығынан айырылады, ал егер тиісті сақтандыру төлемінен аз мөлшерде өтелген болса, онда сақтандыру төлемі келген залал үшін жауапты тұлғадан Сақтанушы (жәбірленуші) алған соманы шегере отырып жүзеге асырылады.

9.13. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының нәтижесінде өміріне, денсаулығына зиян келген және/немесе мүлкіне залал келген жәбірленушінің пайдасына жүзеге асырылады.

9.14. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) келген залалды сот белгілеген мөлшерде өзі өтеген болса, онда жәбірленушінің/Пайда алушының Сақтанушыға қойған талаптан лайықты түрде рәсімделген бас тарту туралы хатты және осы Ережеде көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда сақтандыру төлемі Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) төленеді.

9.15. Егер бірнеше жәбірленушіге/Пайда алушыларға зиян келтірілген болса және залал сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда әр жәбірленушіге сақтандыру сомасы барлық жәбірленушілерге келген жалпы залалдың мөлшеріне шаққанда әр жәбірленушіге келген мөлшерге тең етіп төленеді.

9.16. Үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келген кезде Сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру төлемін – сақтандыру төлемінің сомасы көлемінде заттай нысанда залалды өтеумен ауыстыру да қарастырылуы мүмкін.

9.17. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде келген залал үшін сақтандыру төлемі Сақтандыру шартының аяқталу мерзіміне қарамастан өтеледі.

9.18. Сақтандыру төлемін уақытылы төлемеген үшін Сақтандырушы Сақтанушыға әр кешіктірілген күн үшін, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабымен көзделген мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлейді.

9.19. Сақтандыру төлемі келесідей жағдайларда төленбейді:

- 1) егер Сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін айқындау үшін едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы әдейі бұрыс және жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса;
- 2) Сақтанушы (Сақтандырылушы) залал келтіргені үшін кінәлі тұлғадан тиісті өтемақы алған жағдайда;
- 3) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуын зерттеуге және залалдың мөлшерін айқындауға кедергі келтіріп жатса;
- 4) Сақтанушы (Сақтандырылушы) залал келтірген тұлғаға талап қоюдан немесе оған талап қоюды іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) кері талап қою тәртібінде зиян келтірген тұлғадан өндіріп алуға болатын сомада кері талап қою үшін қажет құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартқан кезде;
- 5) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Ережеде немесе Сақтандыру шартында белгіленген мерзімді бұзып, сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініш берген болса.

9.20. Сақтандыру шартының, осы Ереженің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы ережелерінің шарттарын сақтамау – Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға әкеледі. Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету – бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтанушыға да сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді. Мұндай жағдайда жәбірленушіге/Пайда алушыға зиянды өтеу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте толығымен зиян келтірген тұлғаға жүктеледі.

9.21. Егер сақтандыру аумағында қолданыста болған заңнамамен белгіленген талап қою мерзімі ішінде заң бойынша немесе осы Ереже бойынша сақтандыру төлемін алу құқығынан толығымен немесе ішінара

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 15-бет
--	---	--	---------------------

айыратын мән-жайлар анықталса, сақтандыру төлемін алған тұлғалар Сақтандырушыға сақтандыру төлемдерінің алған сомасын (немесе оның тиісті бөлігін) қайтаруға міндетті.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкелетін және/немесе оған зиянды өтеу туралы талап қою үшін себеп болатын оқиға басталған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту үшін барлық мүмкін болған шараларды қолдануға;
- 2) шұғыл түрде, бірақ 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабар беруге. Егер Сақтанушының белгіленген мерзім ішінде дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаған болса, онда ол себептерді құжаттармен растауы тиіс;
- 3) болған оқиға туралы шұғыл хабарлауға және ол оқиғаны оған талап қою үшін себеп болатын оқиғаны қарау солардың құзыретіне жататын құзырлы органдарда және ұйымдарда (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметі, ТЖ жөніндегі органдар және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес т.б. қызырлы органдар мен ұйымдар) құжаттармен тіркеуге;
- 4) сақтандырушының өкіліне жәбірленушілерді, зақымданған мүлікті тексеру немесе зерттеу жүргізуге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты зерттеу жүргізуге, залалды азайту шараларына қатысуға мүмкіндік беруге;
- 5) Сақтандырушының жазбаша келісінсіз, зақымданған мүлікті қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеуге;
- 6) құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ залалды азайту мақсатында жүзеге асырылған әрекеттерді қоспағанда, Сақтандырушының жазбаша келісінсіз Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ сол сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір міндеттемелер алмауға, қандай да бір ұсыныстарды мойындамауға және қабылдамауға, қандай да бір төлемдер жасамауға және төлем жасауға уәде бермеуге;
- 7) наразылықты сотқа дейін немесе сот тәртібінде реттеу кезінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) өкілеттігін Сақтандырушыға (соның талабы бойынша) беруге;
- 8) залалдың туындау мән-жайларын, көрсете отырып, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушы белгілеген нысанда жазбаша өтініш беруге, сондай-ақ Сақтандырушы сұратқан, сақтандыру оқиғасының себептерін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау үшін қажет барлық құжаттарды беруге.

10.2. Сақтандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы Сақтандырушыға келесідей құжаттарды ұсынады:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) Сақтандыру төлемі туралы өтініш;
- 3) басталған оқиғаға байланысты Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қойылған наразылықтар, талап-арыздар;
- 4) үшінші тұлғаларға зиян келтірген сақтандыру жағдайының себептері мен ықтимал залалдары қамтылған сараптама акті (халықаралық тәжірибеде – апат сертификаты);
- 5) сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігі көлеміне кіретін өтелуі тиіс сомалардың мөлшері қамтылған сот шешімінің көшірмесі;
- 6) Сақтанушының (Сақтандырылушының) мамандары әзірлеген залалдардың есептемесі;
- 7) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құзырлы органдар мен ұйымдардың құжаттары және сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залалдың мөлшеріне қатысты басқа

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 16-бет
--	---	--	---------------------

құжаттар (тиісті қызметтердің актілері, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, залалдың сомасын негіздеме, анықтамалар, шоттар және т.с.с.);

8) сақтандыру жағдайының салдарынан еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылған кезде – белгіленген формадағы еңбекке қабілетсіздік қағазы және жәбірленушінің жеке басын куәландыратын куәліктің, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген деректері;

9) мүгедектік белгіленген кезде – тиісті мемлекеттік органның мүгедектік тобын белгілеу туралы қорытындысы, жәбірленушінің жеке басын куәландыратын куәліктің, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген деректері;

10) қаза болған кезде – уәкілетті мемлекеттік орган берген қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі, мұрагерлік құқығына енгенін куәландыратын құжаттар, мұрагердің немесе басқа Пайда алушының жеке басын куәландыратын куәліктің, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген деректері;

11) мүліктік залал келген кезде – залалдың сомасын растайтын құжаттар;

12) тәуелсіз сараптама комиссиясы (ұйым) әзірлеген, сақтандыру жағдайының басталғанын, залалдың себептері мен мөлшерін растайтын акт;

а) Сақтандырушы залал келгені үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюы үшін қажет құжаттар;

б) в банктік деректемелері көрсетілген, сақтандыру төлемін аудару туралы өтініш.

11.2. Егер қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар (бұдан әрі - Органдар) сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан іс қозғау туралы қаулының, іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі тоқтата тұру немесе тоқтату туралы қаулының көшірмелерін сұратуға немесе тиісті сауалхатты органдарға өзі дербес жіберуге құқылы.

11.3. Сонымен қатар, сақтандыр төлемін жүзеге асыру үшін қажет құжаттардың бірі ретінде Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының жауапкершілігі көлеміне енгізілген сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) үшінші тұлғаларға келген залалды өтеуге міндеттейтін заңды күшіне енген сот шешімінің болуы қарастырылады.

11.4. Құжаттарды қабылдап алған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған күн көрсетілген анықтама береді.

11.5. Сақтанушы осы Ережеде қарастырылған құжаттарды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, әрқандай жағдайда да 5 (Бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспейтін құжаттар туралы сақтанушыға хабарлауға міндетті.

11.6. Жоғарыда аталған құжаттардың негізінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы акті жасайды, ол актіге Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және Пайда алушы қол қояды. Қажет жағдайларда актіге құзырлы органдардың қорытындысы қосылады.

11.7. Осы Ережеде көрсетілген сақтандыру оқиғаларының басталуы нәтижесінде келген нақты залалдарды айқындау үшін Сақтандырушы тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

11.8. Сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе Шартта және Сақтандыру ережесінде жазылған қосымша құжаттарды (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Шарт жасасу/полисті ресімдеу күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған), егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және оның мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, талап етуге құқылы залал.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жәбірленушінің жазбаша өтініші бойынша сақтандыру төлемін уақытылы алуға немесе оны Пайда алушының шотына аударуға;

3) Сақтандырушымен келісіп, Сақтандыру шартына өзгерістер енгізуге;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 17-бет
--	---	--	---------------------

- 4) Сақтандырушымен келісіп, сондай-ақ егер Сақтандыру шартында келісілген болса, онда Пайда алушының да келісімімен, Сақтандырылушыны ауыстыруға;
- 5) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның дубликатын алуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайлы сот тәртібінде шағымдануға;
- 7) Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және шарттармен Сақтандыру шартын бұзуға;
- 8) сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының өкіліне тиісті органдарда өзінің мүддесін қорғау үшін өкілдік беруге.

12.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) осы Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған сақтандыру тәуекелінің басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар мен сақтандыру жағдайының басталуынан келетін ықтимал залалдар, сондай-ақ Сақтандырушы қызықтыратын, сақтандырудың мақсаттары үшін қажет басқа мәліметтер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде аталған сақтандыру объектіне қатысты басқа да жасалған немесе жасалып жатқан сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру объектісі туралы барлық мәліметтерді Сақтандырушыға беруге;
- 5) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, тәуекел дәрежесінің артуына байланысты барлық едәуір өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайларының алдын алу үшін барлық мүмкін болған және дұрыс шараларды қолдануға, сондай-ақ белгіленген және жалпыға қабылданған кәсіби қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға;
- 8) мүлікті (ғимараттар, үй-жайлар, кез келген жабдықтар) ұстау және пайдалану бойынша белгіленген және жалпыға қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға;
- 9) кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасымен белгіленген нормалар мен ережелерді сақтауға;
- 10) Сақтандырушының сауалы бойынша сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық құпия құрайтын мәліметтерді хабарлауға;
- 11) төменде көрсетілгендер туралы Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға:
 - а) сақтандыру жағдайына байланысты оған қатысты қылмыстық іс қозғалғаны, құзырлы органдардың алдын ала тергеу жүргізіп жатқаны, мүлікке тыйым салынғаны, сақтандыру жағдайына байланысты басқа да қылмыстық-процессуалдық іс-әрекеттер жүргізіліп жатқаны туралы;
 - б) сақтандыру жағдайына байланысты Сақтанушыға қойылған мүліктік сипаттағы барлық талаптар туралы. Жәбірленуші тұлғадан осындай талаптарды алған кезде ол Сақтандырушының зақымданған мүлікті тексеруге және келген зиянды бағалауға қатысуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға міндетті;
 - в) Сақтандырушы материалдары қарағанға және өз шешімін қабылдағанға дейін жәбірленуші тұлға сотқа талап-арыз бергені туралы. Мұндай жағдайда Сақтанушы Сақтандырушының өтініші бойынша ол көрсеткен тұлғаға сот процессінде Сақтанушының (жауапкердің) мүддесін қорғау үшін құқық беретін, барлық қажет процессуалдық өкілдіктері бар сенімхат беруге міндетті.

Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тармақта көрсетілген талаптарды орындамаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

12.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

12.4. Сақтандырушы құқылы:

- 1) себебін түсіндірмей-ақ Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға;
- 2) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес уақытылы алуға;
- 3) егер сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы бар мән-жайлар сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болуы тиіс болмаса, сақтандыру жағдайының ықтимал басталуын және сақтандыру

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 18-бет
--	---	--	---------------------

жағдайынан келетін ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін анықтау үшін едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) алуға (маңызды мәліметтер өтініште белгіленеді);

4) сақтандыру тәуекелін бағалауға;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) хабарлаған ақпаратты, сақтандыру объектісінің сипаттамасына сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауды талап етуге;

6) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы ақпарат алуға;

7) сақтандыру жағдайының басталғанын құжаттар растауға;

8) Сақтанушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

9) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтауға;

10) қажет жағдайда құзырлы органдарға сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпараттарды беру туралы сауалхат жіберуге;

11) сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаға кері талап қоюға;

12) егер Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін арттыратын мән-жайлар туралы белгілі болған болса, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және артқан сақтандыру тәуекеліне тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге. Сақтанушы оған қарсы болған жағдайда, Сақтандырушының шығыстарын ұстап қалу арқылы Сақтандыру шарты бұзылуы мүмкін;

13) Сақтандыру шартында қарастырылған негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;

14) Сақтанушының Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес ықылассыз іс-әрекеттерінің белгілері анықталған (айқындалған) кезде, Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін уақытша тоқтата тұру туралы хабарлама жіберу арқылы, уақытша тоқтатқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей, тиісті тексеру жүргізілетіні туралы көрсетіп, сақтандыру төлемін төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға.

12.5. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға және оған осы Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);

2) тәуекелді сақтандыруға қабылдау туралы оң шешім қабылдаған жағдайда Сақтанушымен Сақтандыру шартын рәсімдеуге;

3) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу туралы немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімдерді қабылдауға және тиісті сақтандыру актіні бекітуге;

4) қажет жағдайларда, сақтандыру актісін жасау кезінде залалдың себептері мен көлемін анықтау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;

5) сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған кезде сақтандыру төлемін Пайда алушыға Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімдерде төлеуге;

6) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімдерде хабарлауға;

7) Сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарды Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) өтеуге;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

9) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге.

12.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

12.7. Пайда алушы құқылы:

1) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 19-бет
--	---	--	---------------------

- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды жинауға және оларды Сақтанушы өзімен Сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушыға беруге;
- 3) Сақтандырушы және/немесе тәуелсіз сарапшы әзірлеген келген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемінің есептемелерімен танысуға;
- 4) сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы шағым білдіруге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) Сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) істі жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, өзінің шығыстарын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25% -ы мөлшерінде өтеуді;
- 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары Сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда Сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
---	--

15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.9. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.10. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.11. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.12. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды Сақтандырушыға беруге міндетті.

14.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1. Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандыру тәуекеліне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы мақтандырушыға хабарлауы тиіс.

 ВИКТОРИЯ сақтандыру компаниясы страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 21-бет
--	---	--	---------------------

15.2. Мүлікті екі жақты сақтандырған кезде әр Сақтандырушы жәбірленушіге сақтандыру төлемін Сақтанушымен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3. Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Ерікті сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе сақтандыру шартына толықтырулар – Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

1) сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.

2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.

3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:

а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;

б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;

г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;

 сақтандыру компаниясы ВИКТОРИЯ страховая компания	Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 22-бет
--	--	---	--

д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.5. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.6. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісін, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісін талап етуге міндетті.

17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.8. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

17.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбеген болса, осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

Сілтеме. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылдың 27 желтоқсанындағы №88 «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына (9.6-9.8 тармақтарға) өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (2025 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енеді).

Сондай-ақ Қағиданың 13.5. тармағының 1) тармақшасы өзгертілген.